

**Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі
Бәрімбек Бейсенов атындағы
Қарағанды академиясы**

**Заң институты
Әскери және арнайы-тактикалық даярлық кафедрасы**

**«БЕКІТЕМІН»
Академия бастығының
Ғылыми жұмыс жөніндегі
орынбасары з.ғ.к., доцент
полиция полковнигі
О.Т. Сейтжанов
«___»_____2019 жыл.**

**ОК 1105 «Өмір қауіпсіздігі» пәні бойынша жұмыстық оқу
бағдарламасы (SYLLABUS)
«Құқық қорғау қызметі» 6В12301 мамандығы үшін**

оқыту нысаны: күндізгі
курс: 1
кредит саны: 3 (90 сағат)
семестр: 1
дәріс: 4 сағат
семинар: 14 сағат
тәжірибелік сабақтар: 12 сағат
Бақылау ретингінің саны - (МБ) 2
ҚОӨЖ: 15 сағат .
КӨЖ: 45 сағат
Емтихан: тест

Қарағанды 2019 жыл

«Өмір қауіпсіздігі» пәні бойынша 6B12301 – «Құқық қорғау қызметі» мамандыққа арналған оқыту бағдарламасы (SYLLABUS) «Өмір қауіпсіздігі» пәні бойынша жұмыс оқу бағдарламасы үкімен қаулысымен бекітілген 23.08.2012 жылғы №1080 бұйрығының негізінде талқыланып жасалынған.

Құрастырған:

Әскери және арнайы-тактикалық даярлық
кафедрасының оқытушысы
полиция капитаны

О.С. Нышанбаев

Әскери және арнайы-тактикалық даярлық
кафедрасының бастығы
полиция полковнигі

Р.С. Баткульдин

Кафедра мәжілісінде қарастырылды.

24 мамыр 2019 жылғы., № 18 хаттама.

ОӘК мәжілісінде бекітілді.

« » _____ 2019 жылғы., № _____ хаттама.

© Қазақстан Республикасы ІІМ Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды Академиясы, 2019 ж.

3.1 Негізгі ақпарат:

| | |
|--|--|
| 1. Шифр және мамандық атауы | «Құқық қорғау қызметі» 6В12301 |
| 2. Курс, семестр | 1 курс, 1 семестр |
| 3. Пән циклы | «Өмір қауіпсіздігі» |
| 4. Кредит саны | 3 (90сағат) |
| 5. Сабақ өткізу орны | Әскери және арнайы-тактикалық даярлық кафедрасы |
| 6. Дәріскер (Т.А.Ә., лауазымы, ғылыми дәрежесі, басқа да байланыс ақпараты) | Әскери және арнайы-тактикалық даярлық кафедрасының аға оқытушысы полиция капитаны К. Охан |
| 7. Қалған сабақ түрлерін жүргізетін оқытушылар (Т.А.Ә., лауазымы, ғылыми дәрежесі, басқа да байланыс ақпараты) | Әскери және арнайы-тактикалық даярлық кафедрасының оқытушылары : полиция майоры А.Б. Ахмадиев полиция капитаны О.С. Нышанбаев полиция капитаны К. Охан |

3.2 Пререквизиттер: Курстың бастапқы сатысында курсанттар мынандай біліктілікті меңгере білулері қажет: Адамның тіршілік барысында жеке басының қауіпсіздігін қамтасыз етуі, қауіпсіздік ережелерін меңгеруі тиіс, яғни қоршаған ортаның. Жағымсыз факторларынан қорғана білуі, алғашқы дәргерлік көмек көрсету т.б. шұғыл атқарылатын шараларды білуі

3.3 Постреквизиттер: Өмір қауіпсіздігі сабағынан алынған білімдерін келесі сабақтарда оқып білуді қолдануы мүмкін:

«Криминалистика», «Арнайы тактика», «Жедел-ізвестіру әрекеті», «Жалпы тактика» пәндермен тығыз байланысты.

Білімдерін арттыру үшін қажетті түрде құқыққорғау қызметін оқып білу және әскери пәндердің негізгі концепцияларын қалыптастыру. Ғылыми және публицистикалық әдебиеттермен жұмыс істеуге дағдылануы қажет.

3.4 Пәнді қысқаша сипаттау:

«Өмір қауіпсіздігі» пәні Қазақстан Республикасы ІІО ЖОО курсанттарының жоспарлау ережесінің алдындағы қойған міндеті төтенше жағдай кезінде қорғану түрлерімен оқыту, құтқару және басқа кейінге қалдырылмайтын жұмыстарды ұйымдастыру және атқару негізінде, Қазақстан Республикасының ІІМ АҚ және Қазақстан Республикасының АҚ жұмысы және ұйымдастырылуы, жарақаттардың зақымдарының негізгі түрлерін оқыту, танстыру алдын-ала дәрігерлік көмек көрсетуді ұйымдастырудың қағидаларын үйрету. Өмір қауіпсіздігі курсанттардың санасын жауапкершілікпен қарауды,

және жеке қауіпсіздігін қамтамасыздандырудың негізгі тәсілдерін қалыптастыру;

3.5. Пән бойынша тапсырмаларды орындау және тапсыру кестесі:

| № | Жұмыс түрлері | Мазмұны және мақсаты | Ұсынылған әдебиеттер сілтеме | Бақылау нысаны (рейтинг шкалаға сәйкес) | Балл (рейтинг шкалаға сәйкес) | Есеп беру нысаны | Тапсыру мерзімі |
|---|---------------|----------------------|------------------------------|---|-------------------------------|----------------------|-------------------|
| 1 | семинар | жоспарға сәйкес | әдебиет тізімге сәйкес | ағымдағы | 1,33-4,0 | Ауызша, жазбаша | семинар сабағында |
| 2 | КӨЖ | жоспарға сәйкес | әдебиет тізімге сәйкес | ағымдағы | 1,33-4,0 | Ауызша, жазбаша | 15 аптаға дейін |
| 3 | КӨЖ | жоспарға сәйкес | әдебиет тізімге сәйкес | меж. бақылау | 1,33-4,0 | Ауызша, жазбаша тест | жоспар бойынша |
| 4 | емтихан | жоспарға сәйкес | әдебиет тізімге сәйкес | қорытынды | 1,33-4,0 | Тест | кесте бойынша |

3.6 Курс саясаты:

Пәнді оқу барысында курсанттарға қойылатын талаптар :

- сабаққа міндетті түрде қатысу;
- КӨЖ тапсыруға, барлық семинар сабақтарға дайын болу
- тәжірибелік (семинар) сабақтар барысында белсенділік таныту;
- барлық тапсырмаларды уақытылы тапсыру (бекітілген мерзімде);
- КҒЗЖ белсенді түрде қатысу.

Жол берілмейді:

- сабақтан кешігу және кетіп қалу;
- сабақ барысында ұялы телефонды қолдану;
- бір-бірінен әдебиет көздерінен әдеби ұрлық жасау;
- сабақ барысында оқытушыға және жолдастарына бөтен сұрақтар қойып, әңгімелесіп, алаңдату;
- оқытушыға және жолдастарына дөрекілік, тұрпайылық көрсету;
- тапсырмаларды уақытында тапсырмау.

Курс мақсаты:

Бұл пәнді зерделеу мақсаты ПО қызметкерлерінің кәсіби даярлығының негізгі бөлігі болып, курсанттарға жеке қауіпсіздікті қамтамасыздандыруға, төтенше жағдайларда болжамдау және дұрыс шешім қабылдауға, апат пен қылмыс жасау нәтижесінде зақымданғандарға дәрігерге дейінгі көмек көрсетуге бағытталған.

Қазақстан Республикасы ПО ЖОО курсанттарының жоспарлау ережесінің алдындағы қойған міндеті төтенше жағдай кезінде қорғану түрлерімен оқыту, құтқару және басқа кейінге қалдырылмайтын жұмыстарды ұйымдастыру және атқару негізінде, Қазақстан Республикасының ІІМ АҚ және Қазақстан Республикасының АҚ жұмысы және ұйымдастырылуы, жаракаттардың зақымдарының негізгі түрлерін оқыту, танстыру алдын-ала дәрігерлік көмек көрсетуді ұйымдастырудың қағидаларын үйрету.

«Өмір қауіпсіздігі» курсанттардың санасын жауапкершілікпен қарауды, және жеке қауіпсіздігін қамтамасыздандырудың негізгі тәсілдерін қалыптастыру;

- төтенше жағдай пайда болған жерде жағдайды бағалауды;
 - негізгі физиологиялық көрсеткіштерді бағалауды;
- Курсанттар аталған пәнді оқу нәтижесінде білуі қажет:

білу:

- өмір сүру аясында адамның өмір қауіпсіздігінің теориялық негіздерін;
- өмір қауіпсіздігінің құқықтық және нормативтік-техникалық негіздерін;
- адамға жарақаттау, зақымдау және зиянды факторларының анатомия-физиологиялық салдарын;
- ТЖ-да шаруашылық объектілерінің қызмет атқару тұрақтылығының әдістері мен жолдарын;
- ТЖ-ды болжау әдістерін және олардың салдарын жою;
- заманауи талқандау құралдарының зақымдау факторларын;
- радиациялық және химиялық барлау құралдарын және дизометриялық бақылауды;
- ТЖ кезінде заманауи талқандау құралдарынан жеке және ұжымдық қорғану құралдары мен тәсілдері;

істей білу:

- төтенше жағдай пайда болған жерде жағдайды бағалауды;
- негізгі физиологиялық көрсеткіштерді бағалауды;
- сыртқы белгілер бойынша зақымданғанның хал-ахуалын анықтай отырып, алдын-ала дәрігерлік көмектің ең тиімді тәсілдерін таңдап оларды іске асыруды;

тәжірибелік дағды алу:

- ТЖ салдарын жою кезінде құтқару және басқа да кейінге қалдырылмайтын жұмыстарды жүргізуге қатысуға;
- радиациялық және химиялық барлау және дизометриялық бақылау құрылғыларын жұмысқа дайындау және олармен жұмыс жүргізуге;
- зақымданушының сырт келбетінен оның жағдайын анықтауға, кейінге қалдырылмайтын көмек көрсету және оны орындауға құралдардың неғұрлым тиімді тәсілдерін таңдай білуге.

тәрбиелік міндеттері:

«Өзінді-өзің құтқарсаң, қасындағы мың адамның өмірін сақтайсың»- делінген ертеде. Қазіргі уақытта адам үнемі қауіп-қатер үстінде, сондықтан теориялық алынған білім әр-түрлі қауіп-қатер кезінде төтенше жағдайларда, іс –жүзінде қолданылуы тиіс.

Түлекті дайындауда өмір қауіпсіздігі негіздерінің алатын орны.

Өмір қауіпсіздігінің мақсаты, мазмұны мен міндеттері. Өмір қауіпсіздігінің анықтамалық ұғымдары мен интегральді көрсеткіштері. Пәннің рөлі. Мемлекеттегі негізгі қауіпті объектілер. Субъектілердің қауіпсіздігі.

Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларда халықты, қоршаған ортаны және шаруашылық объектілерді қорғаудың негізгі

қағидалары. Қазақстан Республикасында төтенше жағдайдың алдын алу мен әрекет етудің мемлекеттік жүйесі. Төтенше жағдайлардың алдын алу мен олардың салдарын жою кезінде қоғамдық қарым-қатынасты реттейтін Қазақстан Республикасының заңдары.

Қазақстан Республикасындағы төтенше жағдай комитеті және Қазақстан Республикасының Министрлер кабинетіндегі, облыстық, қалалық және аудандық әкімдіктердің жанындағы төтенше жағдайлар жөніндегі тұрақты комиссияның мүшелері.

3.7. Ұсынылған әдебиеттер тізімі

| № | Автор, атауы | Жылы, басылым орны |
|---------------------------------|---|---|
| 1. Нормативтік құқықтық актілер | | |
| 1 | Қазақстан Республикасының Конституциясы. | 1995. 30 тамыз.(өзгерту 10.03.2017ж) |
| 2 | Азаматтық қорғау туралы Қазақстан Республикасының Заңы | 2014 жылғы 11 сәуірдегі № 188-V ҚРЗ |
| 3 | «Төтенше жағдай туралы» Қазақстан Республикасы | 2003 жылғы 8 ақпандағы N 387 Заңы |
| 4 | Қазақстан Республикасы орталық атқарушы органдарының ведомстволары туралы. | 20.11.2014 жылғы редакциясында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 14 тамыздағы № 933 қаулысы. |
| 5 | Қазақстан Республикасының «Халықтың радиациялық қауіпсіздігі туралы» Заңы. | N 219 1998 жылғы 23 сәуір. |
| 6 | Қазақстан Республикасының «Авариялық-құтқару қызметі және құтқарушылардың мәртебесі туралы» Заңы Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 3 ақпандағы № 245-IV Ядролық қауіпсіздік туралы конвенцияны ратификациялау туралы Заңы //ЖК | 1997 жылғы 27 наурыздағы N 87. |
| 7 | Қазақстан Республикасының Ядролық авария жағдайындағы немесе радиациялық авария жағдайындағы көмек туралы конвенцияны ратификациялау туралы Заңы. | 2010 жылғы 3 ақпандағы № 244-IV |
| 8 | Қазақстан Республикасының Бактериологиялық (биологиялық) және уытты қарулар жасауға, өндіруге және оның қорларын шоғырландыруға тыйым салу және оларды жою жөніндегі конвенцияны ратификациялау туралы Заңы//ЖК | 2007 жылғы 7 мамырдағы N 245 |
| 9 | Қазақстан Республикасының Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге азаматтардың қатысуы туралы Заңы//ЖК | 2004 жылғы 9 шілдедегі N 590 |
| 2. Негізгі әдебиеттер | | |
| 10 | Өмір-тіршілік қауіпсіздігі: Оқулық (қажетті мәтіндерді аударған және оқулықты құрастырған С.Арпабеков).- | Алматы, 2004, - 256 бет. |
| 11 | Төтенше жағдайлар және азаматтық қорғаныс жөніндегі материалдардың ақпараттық - әдістемелік жинағы. (3 (7) шығарылым | 2001 ж. Алматы |
| 12 | Тайжанов С. Өмір қауіпсіздігі негіздері: Жалпы білім беретін мектептер мен кәсіби білім беру орындарына арналған оқу-әдістемелік құрал. | Алматы, 2004, - 254 бет. |

| | | |
|-----------------------|--|--|
| 13 | І.Б. Нысанқұлов, С.Ж.Тоқтабеков, Н.Ж.Қожамжаров. Өмір қауіпсіздігінің негіздері: Оқу құралы.Қарағанды, | 2012 жылғы.Қарағанды Академиясы |
| 14 | Н.Ж.Қожамжаров. Ф.Е.Бөрібай . Өмір қауіпсіздігі негіздері : Оқу құралы . | Қарағанды. 2015.-169 бет. |
| 3. Қосымша әдебиеттер | | |
| 15 | Воробьева Е.А. Губарь А.В. Сафьянникова Е.Б. Учебник «Анатомия и физиология». – | М., 1987. |
| 16 | Неотложные состояния и экстренная медицинская помощь. Справочник под ред. Чазова. – | М.: Медицина, 1988. |
| 17 | Борисов Е.С., Буров Н.Е., Поляков В.А. Первая помощь при повреждениях и несчастных случаях. – | М.: Медицина, 1990. |
| 18 | Рожинский М.М. Катковский Г.Б. Оказание доврачебной помощи. | – М.: Медицина, 1981. |
| 19 | Инструкция по организации и ведению гражданской обороны Республики Казахстан | . Алматы, 2003г. |
| 20 | 2008-2016 жылдарға арналған «Салауатты өмір салты» бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы | 2007 жылғы 21 желтоқсандағы № 1260 |
| 20 | Қазақстан жолы – 2050; Бір мақсат бір мүдде , бір болашақ . | Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы 2014 жылғы 17 қантар. |
| 4. Ғаламтор көзі | | |
| 22 | http://kutkarushy.kz/ | |
| 23 | http://kk.wikipedia.org/ | |
| 24 | http://lektsii.com/ | |

3.8. Пән бойынша сабақ жүргізудің тақырыптық жоспары

| | Тақырыптың атауы | Дәріс | Семи нар | Тәжіри белік | КООЖ | КӨЖ |
|---|--|-------|-------------|-----------------|------|-----|
| 1 | Өмір қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі қазіргі заманғы мемлекеттің рөлі. Өмір қауіпсіздігінің ұйымдастырылуы мен теориялық негіздері. | 1 | 1 | | 1 | 3 |
| 2 | Қазақстан Республикасындағы азаматтық қорғаныстың жүйесі. Қазақстан Республикасындағы ПМ жүйесіндегі АҚ-ың ұйымдастырылуы | | 1 | 1 | 1 | 3 |

| | | | | | | |
|----|---|----------|-----------|-----------|-----------|-----------|
| 3 | Техногенді және табиғи сипаттағы төтенше жағдайлар. Адамның тіршілік ету ортасындағы қауіптер. | 1 | 1 | | 1 | 3 |
| 4 | Қатты әсер ететін улы заттардың сипаттамасы. Қатты әсер ететін улы заттардан уланғанда шұғыл көмек көрсету. | | 1+1 | 1 | 1+1 | 4 |
| 5 | Ядролық және химиялық қарулардың сипаттамасы. | 1 | 1+1 | 1 | 1+1 | 6 |
| 6 | Ұжымдық қорғаныс құралдары | | 1 | 1 | 1 | 3 |
| 7 | ТЖ кезінде ұйымдармен аумақтарда АҚ аясында халықты қорғауды ұйымдастыру шаралары. | | | 3 | 1 | 5 |
| 8 | ТЖ кезіндегі радиациялық және химиялық жағдайды бағалау. | | 1 | 1 | 1 | 3 |
| 9 | Адам анатомиясы мен физиологиясының негіздері. | 1 | 1 | 2 | 1 | 7 |
| 10 | Ашық және жабық жаралар, жарақаттар, зақымдану. | | 1 | 1 | 1 | 3 |
| 11 | Өткір аурулар мен қайғылы жағдай кезіндегі шұғыл көмек. Реаниматология негіздері. | | 1 | 1 | 1 | 3 |
| 12 | Өсімдік және жануарлар текті улармен уланған кездегі шұғыл көмек. | | 1 | | 1 | 1 |
| 13 | Автономиялық өмір сүрушілік жағдайларында адамдардың өзін-өзі аман алып қалуы. | | 1 | | 1 | 1 |
| 14 | Барлығы | 4 | 14 | 12 | 15 | 45 |

3.9. Сабақ жоспары.

Дәріс сабақтары.

Тақырып №1. Өмір қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі қазіргі заманғы мемлекеттің рөлі. Өмір қауіпсіздігін ұйымдастыру мен құқықтық негіздері.

Дәріс-1сағ

Дәріс жоспары:

1. Өмір қауіпсіздігі курсының мақсаты және құралы.
2. Төтенше жағдайдың алдын алу мен ондағы іс-әрекеттердің Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жүйесі.
3. Қазақстан Республикасындағы төтенше жағдай комитеті, оның құрылу мақсаты, құрамы және құрылымдық территориялық органдары.

Дәріс тезистері:

Өмір қауіпсіздігінің жиынтық көрсеткіші адам өмірінің ұзақтығы болып табылады. Антропогенездің бастапқы кезеңдерінде (алғашқы қауымдық

құрылыс адамы үшін) ол шамамен 25 жасты құрады. Адамға негізінен табиғи сипаттағы қауіптер: климаттық жағдайларға тәуелділігі, тағамында белоктың жетіспеуі және т. б. әсерін тигізді. Адамзат популяциясы тіршілік жасай бастағаннан экономиканы дамыта отырып, қауіпсіздігінің әлеуметтік-экономикалық жүйесін де жасады. Осы себепті зиянды әсерлер санының артуына қарамастан, адамның қауіпсіздік деңгейі өсті. Қазіргі кезде дамыған елдердегі адамдардың орташа өмір сүру ұзақтығы шамамен 70-77 жасты құрайды. Қазақстанда ер адамдардың өмір сүру ұзақтығы 60-65, әйелдердікі 65-70 жасты құрайды. Қайғылы жағдайлардан еңбекке қабілетті, жас адамдар қаза болуда: 2-3 жастан 41-42 жасқа дейінгі адамдардың өлімінің себепкері жаракаттану болып табылады.

Азаматтық қорғау туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2014 жылғы 11 сәуірдегі № 188-V осы Заң азаматтық қорғау жөніндегі іс-шараларды жүргізу процесінде туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейді әрі табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар мен олардың салдарларының алдын алуға және оларды жоюға, төтенше жағдай аймағындағы халыққа шұғыл медициналық және психологиялық көмек көрсетуге, өрт қауіпсіздігі мен өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған, сондай-ақ

Қазақстан Республикасы азаматтық қорғанысының негізгі міндеттерін, құрылуы мен жұмыс істеуінің ұйымдастырушылық қағидаттарын, мемлекеттік материалдық резервті қалыптастыруды, сақтауды және пайдалануды, авариялық-құтқару қызметтері мен құралымдарының ұйымдастырылуы мен қызметін айқындайды.

Мемлекеттік негізгі қауіпсіздік объектілері — адам және оның құқықтары мен бостандықтары; қоғам және оның материалдық және рухани байлықтары; мемлекеттік және оның Конституциялық құрылымы, егемендігі мен аумақтық тұтастығы болып табылады.

Мемлекет қауіпсіздік саласындағы өз функцияларын заң шығарушы, атқарушы, сот билігі органдары арқылы жүзеге асырады.

Азаматтар, қоғамдық немесе басқа да ұйымдар мен бірлестіктер қауіпсіздік субъектілері болып табылады. Олар Қазақстан Республикасының заңдары мен нормативтік актілеріне сәйкес қауіпсіздіктерін қамтамасыз етуге қатысуда белгілі бір құқықтар мен міндеттерге ие:

- Қазақстан Республикасының 30.08.1995 ж. Конституциясы.
- «Төтенше жағдай туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 ақпандағы N 387 заңы.

«Азаматтық қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2014 жылғы 11 сәуірдегі № 188-V заңы.

- Табиғи және техногендік төтенше жағдайларда халықты, қоршаған орта мен шаруашылық объектілерін қорғаудың негізгі принциптері мыналар болып табылады: Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрамына енбейтін министрліктердің, мемлекеттік комитеттер мен орталық атқарушы органдардың, жергілікті атқарушы органдар мен ғылыми мекемелердің табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы қызметін үйлестіреді;

– төтенше жағдайлар саласында нормативтерді, стандарттар мен ережелерді бекітеді немесе келіседі, мемлекет есеп жүргізеді, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына халықты, қоршаған орта мен шаруашылық объектілерін төтенше жағдайлардан қорғау жайы туралы мемлекеттік баяндамалар әзірлеп, ұсынады;

– Қазақстан Республикасы Үкіметі шешімімен аймақтық және төтенше ғаламдық жағдайларды жоюға тікелей басшылық жасайды;

– төтенше жағдайларды жоюда меншік түріне және ведомстволық бағыныштылығына қарамастан, заңға сәйкес ұйымдардың материалдық-техникалық ресурстарын жұмылдырады;

– Қазақстан Республикасының аумағында төтенше жағдайлардың алдын алу мен жоюда халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады, шетелдік азаматтар мен ұйымдардың қызметін қамтамасыз етеді, гуманитарлық акцияларды ұйымдастырады.

Комитеттің стратегиялық басымдылығы мыналар болып табылады:

– мемлекет саясатына сәйкес табиғи және техногенді сипаттағы ТЖ алдын алу мен жою саласында реформалар мен құрылымдық қайта құрулар жүргізу;

– табиғи және техногенді сипаттағы ТЖ саласында жағдайлар мен құбылыстарға кешенді бақылау жасау;

комитеттің негізгі міндеттері:

– табиғи және техногенді сипаттағы ТЖ алдын алу мен жою саласындағы мемлекеттік саясаттың жүргізіліп, жүзеге асырылуына ат салысу. Елдің аумақтық қорғанысына, өрт қауіпсіздігіне, өнеркәсіпте жұмыстың қауіпсіз жүргізілуіне бақылау жасау;

– ТЖ алдын алу мен жоюда Мемлекеттің жүйесінің жұмыс жасап, одан әрі дамуын қамтамасыз ету;

– табиғи және техногенді ТЖ саласында ғылыми зерттеулер ұйымдастыру, үгіт-насихат жүргізу, халықты және мамандарды үйрету;

– азаматтық қорғаныс міндеттерін шешуге бағытталған мақсатты бағдарламаларын әзірлеп, орындалуын ұйымдастыру;

– өрттердің алдын алуды ұйымдастыру.

Комитеттің орталық аппараты департаменттер мен құрылымдық бөліністерден құралады. Департаменттердің тізімін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді. Комитеттің құрамына мыналар кіреді:

– Төтенше жағдайдың алдын алу департаменті;

– Жедел көмек көрсету және азаматтық қорғаныс департаменті;

– ТЖ мемлекеттік бақылау жасау, техникалық және тау-кенге бақылау жасау департаменті;

– өртке қарсы қызмет департаменті.

Комитеттің Төрағасы басқарады, оның үш орынбасары, оның ішінде біреуі бірінші орынбасары болады.

әдебиеттер:1,13.

Тақырып № 1. Өмір қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі қазіргі заманғы мемлекеттің рөлі. Өмір қауіпсіздігінің ұйымдастырлуымен теориялық негіздері.

КОӨЖ-1 сағат.

Сұрақтары:

1. Өмір қауіпсіздігі курсының мақсаты және құралы.
2. Төтенше жағдайдың алдын алу мен ондағы іс-әрекеттердің Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жүйесі.
3. Қазақстан Республикасындағы төтенше жағдай комитеті, оның құрылу мақсаты, құрамы және құрылымдық территориялық органдары.

Өзін бақылауға арналған сұрақтар:

1. Т Қ пәнінің мақсаты, мазмұны және тапсырмалары.
2. Төтенше жағдайларды алдын алу мен ондағы іс-әрекеттердің ҚР-дағы мемлекеттік жүйесі.
3. ҚР ПМ ТЖ комитетінің мақсаты, құралы және құрылымдық аймақтық органдары.

Оқу – материалдық қамтамасыз ету:

Тестік тапсырма.

Семинарлық - 1 сағат.

Сұрақтары:

1. ӨҚН курсының мақсаты, мазмұны және тапсырмалары.
2. Төтенше жағдайды алдын алу мен ондағы іс-әрекеттердің Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жүйесі.
3. Қазақстан Республикасының ПМ ТЖ комитетінің оның құрылу мақсаты, құрамы және құрылымдық территориялық органдары.

КӨЖ – 3 сағат

Сұрақтары:

1. Тақырыпты ауызша талқылауға дайындалу.
2. Өзін бақылау сұрақтарға жауап беру.
3. Ұсынылған тапсырмаларды орындау.

Оқу – материалдық қамтамасыз ету:

Тестік тапсырма, бейнеслайдтар, мультимедиалық проектор, персоналдық компьютер.

Әдебиеттер: 1,13.

Тақырып №2. Қазақстан Республикасындағы азаматтық қорғаныстың жүйесі. Қазақстан Республикасындағы ПМ жүйесіндегі АҚ-ың ұйымдастырылуы.

КОӨЖ– 1сағат

Сұрақтары:

1. Қазақстан Республикасында АҚ-сын ұйымдастырудың негізгі мақсаттары мен қағидалары.
2. Қазақстан Республикасының АҚ пен ТЖ қызметтері мен күштері.
3. Қазақстан Республикасындағы ПМ жүйесіндегі АҚ-ың ұйымдастырылуы

Семинарлық – 1 сағат

Сұрақтары:

1. Қазақстан Республикасында АҚ-сын ұйымдастырудың негізгі мақсаттары мен қағидалары.
2. Қазақстан Республикасының АҚ пен ТЖ қызметтері мен күштері.
3. Қазақстан Республикасының ІІМ жүйесіндегі АҚ-ың ұйымдастырылуы.

Тәжірибелік – 1 сағат

1. Қазақстан Республикасының АҚ пен ТЖ қызметтері мен күштері.

КӨЖ – 3 сағат

Сұрақтары:

2. Қазақстан Республикасының АҚ-ын ұйымдастырудың негізгі мақсаттары мен принциптері.
3. Қазақстан Республикасының ІІМ жүйесіндегі АҚ-ың ұйымдастырылуы.

Оқу – материалдық қамтамасыз ету:

Тестік тапсырмалар.

**Тақырып №3 Техногенді және табиғи сипаттағы төтенше жағдайлар.
Адамның тіршілік ету ортасындағы қауіптер.**

Дәріс жоспары:

Дәріс-1 сағат

Кіріспе.

1. Бейбітшілік және соғыс кезіндегі төтенше жағдайының жалпы сарапталуы мен жалпы сипаттамасы.
2. Бейбітшілік кезіндегі төтенше жағдайлар: жер сілкінісі кезінде; су тасқыны кезінде; дауылда; сел кезінде: боранда; қар көшкіні кезінде жасалатын іс әрекеттер.

Дәріс тезистері:

1. Бейбітшілік және соғыс кезіндегі төтенше жағдайының жалпы сарапталуы мен жалпы сипаттамасы.

48-бап. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайды жариялау

Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайды жариялауды: жаһандық немесе өңірлік ауқымдағы төтенше жағдай кезінде Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі; жергілікті ауқымдағы төтенше жағдайлар кезінде әкімшілік-аумақтық бірліктердің әкімдері жүзеге асырады.

52-бап. Төтенше жағдайларды жою үшін ішкі істер органдарының, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың күштері мен құралдарын, қоғамдық бірлестіктер мен халықты тарту, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін қолдану.

Төтенше жағдайларды жою үшін ішкі істер органдарының, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың күштері мен құралдарын, қоғамдық бірлестіктер мен халықты тарту, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін қолдану Қазақстан Республикасының заңдарына және төтенше жағдайларды жою жөніндегі іс-қимылдар (өзара іс-қимылдар) жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады.

Мемлекеттің негізгі қауіпсіздік объектілеріне: Тұлға, қоғам және мемлекет жатады.

Интегралды көрсеткіш өмір қауіпсіздігі ол - өмір ұзақтығы.

Апаттар көлемі мен түрі бойынша бөлінеді:

Көлемі бойынша: кіші, орташа, үлкен болады.

Көлемді анықтау кезінде белгіге екі көрсеткіш алынады: зардап шеккендер немесе ауруханаға жатқызатын адамдар саны; апат зардабына ұшыраған аумақтар

түрі бойынша: - табиғи (табиғи немесе дүлей зілзала); техногенді (жасанды, антропогендік, атап айтқанда адам факторы әсерінен) болды.

Табиғи:

1. Метеорологиялық (дауыл, циклон, құйын, әдеттегіден тыс апатар, құрғақшылық, аяз, найзағайдан болған өрттер).

2. Тектоникалық және теллурлық (жанартаудың атқылауынан болған өрт, жер сілкінісі).

3. Топологиялық (сел, сырғыма, қар көшкіні, тастың құлауы, су басу).

Космостық (метеориттердің және басқа космостық денелердің құлауы, олармен соқтығыс).

Техногенді (Жасанды):

1. Көліктік (космостық, авиациялық, автомобильдік, теңіз, өзен, темір жол).

2. Өндірістік (радиациялық, механикалық, химиялық, термиялық).

3. Спецификалық (бактериологиялық, эпидемиялық).

4. Әлеуметтік (соғыс, аштық, қоғамдық және ұлттық тәртіпсіздік, терроризм, маскүнемдік, нашақорлық, токсикомания).

Әрбір апат ошақ құруға алып келеді, бұлар үшін өзіндік бүлдіру, зақымдау ерекшелігіне тән, ал әрбір ошақ – бұл төтенше жағдай.

Төтенше жағдай – адам шығынына, адамдардың денсаулығына немесе қоршаған ортаға зиян келтіруге, елеулі материалдық нұқсанға және адамдардың тыныс-тіршілігі жағдайларының бұзылуына әкеп соғуы мүмкін немесе әкеп соққан аварияның, өрттің, қауіпті өндірістік факторлардың зиянды әсерінің, қауіпті табиғи құбылыстың, апаттың, дүлей немесе өзге де зілзаланың салдарынан қалыптасқан белгілі бір аумақтағы жағдай;

1. Төтенше жағдай аймағы – төтенше жағдай қалыптасқан аумақ; табиғи және техногенді жағдайдағы белгілі бір аумақ

Төтенше жағдайлардың басты көрсеткіші бүлдіру процесстерінің жиілігі болып табылады, бұл процесстерді қалыпқа келтіру үшін қосымша күш пен қаражатты тарту және айрықша шешім қабылдауды талап етеді.

Төтенше жағдайлар үш негізгі белгілер бойынша жіктелінеді:

1. Пайда болу саласы бойынша.

2. Ведомстволық қатыстылығы бойынша.

3. Аймақтық таралуы бойынша.

Пайда болу саласы бойынша төтенше жағдайлар:

- табиғи;

- техногенді;

- жанжалды болып бөленеді.

Табиғи төтенше жағдайларға:

- геофизикалық қауіпті құбылыстар (жер сілкінісі, вулкан);
- геологиялық қауіпті құбылыстар (көшкіндер, сел, сырғыма, тастың құлауы);
- метеорологиялық және агрометеорологиялық қауіпті құбылыстар (дауыл, құйын, құрғақшылық, аяз және т.б.);
- теңіздегі гидрологиялық қауіпті құбылыстар (теңіз деңгейінің қатты құбылуы, мұздар арыны және т.б.);
- гидрологиялық қауіпті құбылыстар (су басу, тасқындар, жер асты сулар деңгейінің көтерілуі);
- табиғи өрттер (ормандық, далалық, шымтезектік);
- адамдардың жұқпалы ауруға шалдығуы (эпидемиялар);
- ауылшаруашылық малдардың жұқпалы ауруға шалдығуы (эпизоотиялар);
- ауылшаруашылық өсімдіктердің ауруға және зиянкестерге шалдығуы (эпифитотиялар) жатады.

Техногенді сипатты төтенше жағдайларға:

- өндірістік;
- транспорттық авариялар (темір жол поездар, теңіз және өзен қайықтар аппараты, әуе аппараты, автомобильді авариялар (апаттар, магистральді өткізу құбырларындағы авариялар);
- өрттер (жарылыстар);
- ҚӘУЗ тасталуымен (тасталуы ықтимал) авариялар;
- РЗ (радиациялық заттар) тасталуымен (тасталуы ықтимал) авариялар;
- БУЗ(биологиялық улы заттар) тасталуымен (тасталуы ықтимал) авариялар;
- ғимараттардың кенеттен құлауы;
- электр – энергетикалық жүйелердегі авариялар;
- коммуналдық тіршілікті қамсыздандыру желілердегі авариялар;
- тазартқыш құрылыстардағы авариялар;
- гидродинамикалық авариялар (плотиналардың, бөгеттердің бұзылуы) жатады.

Үйлер мен ғимараттардың кенеттен қирауы техногендік сипаттағы төтенше жағдайға жатады.

Жанжалды сипатты төтенше жағдайларға:

- қарулы шабуыл;
- кейбір аймақтардағы толқулар;
- соғыс уақыттағы әскери әрекеттерде қазіргі зақымдау тәсілдерді қолдану жатады.

Әдебиеттер: 2, 3,13.

Тақырып №3. Техногенді және табиғи сипаттағы төтенше жағдайлар. Адамның тіршілік ету ортасындағы қауіптер.

КОӨЖ- 1сағат

Сұрақтары:

1. Бейбітшілік және соғыс кезіндегі төтенше жағдайының жалпы сарапталуы мен жалпы сипаттамасы.
2. Бейбітшілік кезіндегі төтенше жағдайлар: жер сілкінісі ; су тасқыны кезінде; дауылда; сел кезінде; боранда; қар көшкіні кезінде жасалатын іс-әрекеттер.

3. Бейбітшілік кезіндегі төтенше жағдайлардағы іс-әрекет және оның тәртібі.

Семинар-1 сағат

Сұрақтары:

1. Бейбітшілік және соғыс кезіндегі төтенше жағдайының жалпы сарапталуы мен сипаттамасы.
2. Бейбітшілік кезіндегі төтенше жағдайлар: жер сілкінісі ; су тасқыны кезінде; дауылда; сел кезінде; боранда; қар көшкіні кезінде жасалатын іс-әрекеттер.

КӨЖ – 3 сағат

Сұрақтары:

1. Бейбітшілік және әскери кезіндегі төтенше жағдайлардың классификациясы және жалпы сипаттамалары.
2. Бейбітшілік кезіндегі ТЖ-ғы іс-әрекеттер: жер сілкінісі кезінде; су тасқаны кезінде; дауында; сел кезінде; боранда; қар көшкін кезінде.

Оқу – материалдық қамтамасыз ету:

Тестік тапсырма, бейнеслайдтар, мультимедиалықпроектор, персоналдық компьютер.

Әдебиеттер: 2,3,13.

Тақырып №4. Қатты әсер ететін улы заттардың сипаттамасы.**Қатты әсер ететін улы заттардан уланғанда шұғыл көмек көрсету.**

КООЖ – 1+1 сағат

Сұрақтары:

1. ҚӘЕУЗ-тың түсінігі, түрлері.
2. ҚӘЕУЗ-тың қысқаша сипаттамасы.
3. ҚӘЕУЗ-тан қорғану түрлері.
4. Алғашқы медициналық көмек.

Семинарлық – 1+1 сағат

Сұрақтары:

1. ҚӘЕУЗ-тың түсінігі, түрлері.
2. ҚӘЕУЗ-тың қысқаша сипаттамасы.

Тәжірибелік – 1сағат

ҚӘЕУЗ-тан қорғану түрлері. Алғашқы дәрігерлік көмек.

КӨЖ – 4 сағат

1. Дәрістің әр бір сұрақтарына конспект жазып, қосымша әдебиеттермен негізгі әдебиеттерді пайдалану.
2. Берілген тақырыптың ауызша талдауына дайындық.
3. Өзін бақылауға арналған сұрақтарға жауап беру.
4. ҚӘЕУЗ-тың түсінігі, түрлері.
5. ҚӘЕУЗ-тың қысқаша сипаттамасы.

Оқу – материалдық қамтамасыз ету:

Тестік тапсырма, бейнеслайдтар, мультимедиалықпроектор, персоналдық компьютер.

Тақырып №5. Ядролық, химиялық және бактериологиялық қарудың сипаттамасы.

Дәріс-1 сағат

Дәріс жоспары:

1. Жаппай зақымдау қаруына түсінік, жаппай зақымдау қаруының типтері.
2. Ядролық қару. Ядролық қарудың талқандау факторлары.

Дәріс тезистері:

1. Жаппай зақымдау қаруына түсінік.

Жаппай қырып жою қаруының түсінігін анықтау.

Жаппай қырып жою қаруы өзге қандай да бір қару немесе құралдардың қолдануы іспеттес. Олар құрту және өлімге әкеп соқтыратын немесе оны сыртқа шығару, тарату, ыдырату әсерінен адамдардың орасан көпшілігін физикалық зақым келтіруі мүмкін.

Олардың әсері болады:

- уытқұмарлы және улы химиялық заттар
- ағзаның ауруын туғызатын
- радиация және радиоактивтілік

Жаппай қырып-жою қаруы жарылғышқа толық жүк тасымалдауыш сияқты емес қарапайым жарылғыш заттардың көп бөлігін қамтымайды.

Бұл құрамдар шыныда да аз уақыт ішінде көптеген адамдарды қыруға мүмкіндігі болса да, олардың әрекеті бірінші кезекте жару емес.

Айта кететін жайт, жаппай қырып жою қаруының кез келген құралы жарылғыш материалдың бірінші және екінші кезектегі тарату немесе жаппай қырып жою қаруы белсенді құралдарын құрауы мүмкін.

ХИМИЯЛЫҚ, БИОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ РАДИОЛОГИЯЛЫҚ ҚАРУ ТҮРЛЕРІН АНЫҚТАУ

Химиялық, биологиялық және радиологиялық қарулар террористтердің қолданылатын қаруынан айырмашылығы, олардың құрамды бөлшегінде әскери, химиялық және биологиялық соғыс құрылғыларының сәйкес технологияларын қолдану, немесе радиоактивті материалды пайдалану нәтижесінде аталған қару мыңдаған адамдардың өлімі мен зардап шегуіне жол ашуы мүмкін.

Жаппай қырып жою қаруына жататындар:

- қолдан жасалған ядролық құралдар;
- радиологиялық заттарды ыдырату құралдары;
- химиялық заттар
- * жүйке зақымдау әсері бар заттар
- * теріге теріс әсерлі заттар
- * тұншықтыратын заттар
- * қанды зақымдайтын заттар.

Террористтердің жаппай қырып жою қаруын пайдалану мақсаты, төмендегі нәтижелерді үнемді пайдалану:

- жаппай қырылу

- төтенше жағдайларды қабылдау жүйесінің іске қосылмауы
- елді мекендердің қалыпты өмір сүруін бұзу
- объектілерді қамап және зақымдау
- естен шығару мен қобалжуды құру және қолдау
- елдім-мекен тұрғындарының террористтерден қорғайтын үкіметке деген сенімінің жоғалуы
- төтенше жағдай қызметкерлерінің әрекет қабілеттілігіне күмән тудыру.

Ядролық қару. Ядролық қарудың талқандау факторлары.

Ядролық қару деп - жарылыс кезінде ядролық реакцияның жүруінің нәтижесінде болатын ішкі ядролық қуатты пайдалануға негізделген, жарылыс әрекетті жаппай қырып-жою қаруы. Ол барлық белгілі зақымдау құралының ішіндегі ең қуаттысы. Ядролық жарылысының қуаты тротилдық эквивалентпен өлшенеді. Тротилдық эквивалент тоннамен (т), килотоннамен (Кт) және мегатоннамен (Мт) өлшенеді.

Ядролық жарылыс ауада, жер (су) бетінде және жер (су) астында болуы мүмкін. Ядролық қаруға келесілер жатады: ядролық, термоядролық.

Ядролық талқандаудың ошағы деп - нәтижесінде адамдар, жануарлар және өсімдіктер талқандалған, ядролық жарылыстың тікелей әсері тиген аймақ.

Жарық жағы жер үстіне тимейтін ядролық жарылыс - әуе ядролық жарысы деп аталады.

Жарық жағы жер үстіне тиетін ядролық жарылыс – жер үсті ядролық жарысы деп аталады.

30 километр биіктікте іске асырылған ядролық жарылыс - биіктік ядролық жарысы.

Жарық жағы су үстіне тиетін ядролық жарылыс - су үсті ядролық жарылыс болып есептеледі.

Қуаттылығы бойынша ядролық қару – жарақтар: кіші – 15 кТ дейін; орташа -15-100 кТ дейін; ірі -100-500 кТ дейін; өте ірі – 500 кТ жоғары болып шартты түрде бөлінеді.

Ядролық жарылысының бес түрлі қирату факторлары пайда болады:

- ауа толқынының соққысы
- жарықты сәулелену /световое излучение/
- өткір радиация /проникающая радиация/
- радиоактивтік ластану /радиоактивное заражение/
- электромагниттік импульс /электромагнитное поля/

Ауа толқынының соққысы - жарылыстан жан-жаққа өте қатты шапшаңдықпен тарайтын, жоғары қысымдағы ауа соққысы.

Ұрыстық толқын ауаның бірден қысылысынан пайда болады және дыбыс жылдамдығынан жоғарғы жылдамдықпен тарайды. Соққы толқынының пайда болу көзі, жарылыстың ортасында өте жоғары қысымның пайда болуы.

Соққы толқын өзінің жойқын күшіне байланысты жолындағылардың бәрін қирата талқандап өтеді. Соққы толқынның күші эпицентрінен қашықтаған сайын бәсеңдей береді. Адамдар соққы толқыннан тек арнайы панаханаларға, шұңқырларға т.с.с. таза жерлерге жасырынып, сақтанады.

Ұрыс толқыны адамға әсер ету салдарынан жеңіл, орташа, ауыр дәрежелі зақымдары болады.

Жарықты сәулелену - ядролық қарудың жарылыс кезіндегі болатын сәулелердің қуаты.

Оның құрамында ультра-күлгін, инфрақызыл және көрінетін сәулелер болады. Жарықты сәуле бөлу жарылыстың күшіне байланысты бірнеше секундқа ғана созылады. Бұл сәулелердің ішіндегі қауіптісі инфрақызыл сәулесі.

Жарықты сәуле бөлу үлкен өрттердің пайда болуына әсер етеді, адамдар күйеді, көзді жандырып жібереді.

Өткір радиация - гамма-сәулесінің және нейтрондардың ағымы.

Ядролық жарылыстың нәтижесінде, оның айналасына жоғары көтеріліп бұлт құраған радиоактивті заттар жерге түсіп, айналаны, суды, ауаны радиоактивті заттармен ластайды.

Радиоактивті заттармен уланған аймақ, шартты түрде келесі үш зонаға бөлінеді: уланудың қатты, орташа және жеңіл әсеріне сәйкес.

Радиоактивті заттар адамдарға екі жолмен әсер етеді:

- гамма-сәуленің бета-бөлшектерімен бөлініп, адамның ашық жеріне, терісіне қонады, екіншіден, олар адамның ішіне кетеді.

Осыдан адамдар сәуле ауруына шалдығады. Егер теріге радиоактивті заттар көп қонса, адамдар радиоактивті күйік алуы мүмкін. Ішке түскен радиоактивті заттар қан арқылы адам бойына толық тарайды.

Екінші дәрежелі сәулелену ауруынан оңалу төрт - алты ай мерзімінде болады.

Үшінші дәрежелі сәулелену ауруынан оңалу бір жыл немесе он екі ай мерзімге созылады.

Радиоактивті заттардан арнайы панаханалар ғана сақтайды.

Электрлік магниттік импульс жарылыстан кейін электрлік және магниттік алаңның пайда болуына әсер етеді. Бұндай алаңның көлемі бірнеше мыңдаған шаршы километр аумақ болуы мүмкін, ол жарылыстың қуатына тікелей байланысты. Электрлік магниттік импульс үлкен антеналы өте сезімтал электрондық элементтерді күйдіріп жібереді, приборлады, конденсаторларды, вакуумды қондырғыларды және т.с.с. электрондық қондырғыларды істен шығарады. Яғни бұл фактордың әсерінен байланыс аппараттары, электрондық есеп машиналары жарамсыз болып қалады.

Радиоактивтік ластану - жарылыс болған жердегі топырақ, шаң жоғары көтеріліп желмен ыққа қарай жылжи береді де, жол бойы жерге түсіп ластайды, радиоактивті заттар жерге түседі.

Оның 3 зонасы:

1) уланудың қатты зонасы

2) орташа ластанған зонасы

3) жеңіл әсеріне сәйкес аздау ластанған зонасы ластау (ластану)

мөлшеріне байланысты:

- жарылыс түрінен (бомбаның);
- оның күшінен (неше мегатонна);
- жарылыс болғаннан кейінгі өткен уақыттан;

- эпицентрден қашықтығынан;
- жарылыс кезіндегі ауа райынан;
- жер бетінің рельефінен (таулы, жазық дала т.с.).

Радиацияға қарсы қорғаныс. Медициналық көмек көрсету. Алдымен халықты радиациялық қауіп жөнінде құлақтандыру керек; ұжымдық және жеке қорғаныс құралдарын пайдалану туралы хабардар ету керек; радиоактивтік заттармен ластанған аймақтың тұрғындарын өздерін қалай ұстау керектігін мүмкіншілігінше түсіндіру қажет; радиацияның деңгейін анықтаудың маңызы зор; дозиметрлік бақылауды тұрақты жүргізу керек; су мен тамақты радиоактивтік ластануға зерттеу жасау қажет. Күйдіру сатысы бірнеше дәрежеде болады:

1-ші дәрежелі - 4 кал/см; - болса,

2-ші дәрежелі - 4-7,5 кал/см;

3-ші дәрежелі - 7,5-12 кал/см /тері сыдырылады/;

4-ші дәрежелі - 12 жоғары кал/см /терінің күйігі тереңдеп, жапырақтанып, бөлшектеніп түседі/.

Жарықты сәулеленуден кез-келген жарық өткізбейтін бөгет қорғай алады: ағаштың көлеңкесі, аула үйдің тасасы. Жауын, тұман, қар оның әсерін азайтады. Жаз мезгілінде оның әсерінен өрт болуы ықтимал. Ғимараттар мен жабдықтарға жарық сәулесінің әсерінен жаппай өрт пайда болуы мүмкін.

Жаппай өрт дегеніміз – ядролық жарылыс салдарынан жеке- жеке өрт ошақтарының жиынтығы ғимараттардың 25 пайызынан жоғарғысын қамтиды және күшті желге өрт қосылып (250га) аумағын шалған өрттің ерекше түрі.

Өткір радиация - ядролық жарылыс сәтінде бөлінетін нейрондар мен гамма сәулелері. Бұлар қорғана алмай қалған адамдар, жан-жануарлар үшін өте қауіпті. Бұл радиация бары 10-15 сек ғана созылады. Бірақ сәуле ауруларын туғызу үшін осы уақыттың өзі де жеткілікті.

Алғашқы өткір радиация адамға сезілмейді, оның өткені біраз уақыттан кейін байқалады. Сәуле ауруларының ауыр-жеңіл болуы өткен радиацияның мөлшеріне байланысты, ол сәулелену дозасымен өлшенеді.

Сәулелену дозасы деп қоршаған ортада 1 гр затты не 1 куб.см. көлемді денені жоюға кететін қуат мөлшерін айтады немесе қоршаған ортадағы бір куб см көлемді жоюға кететін қуат.

Әдебиеттер:6,7, 8.

Тақырып №5. Ядролық, химиялық және бактериологиялық қарулардың сипаттамасы.

КОӨЖ – 1+1 сағат

Сұрақтары:

1. Жаппай зақымдау қаруының факторын анықтау түсінігі.
2. Ядролық қару.
3. Ядролық қаруының талқандау факторы.

Семинарлық – 1+1 сағат

Сұрақтары:

1. Ядролық қару.
2. Ядролық қаруының талқандау факторы.

3. Сәуле аурулары.

Тәжірибелік – 1 сағат

1. Жарылыс түрлері, жарылыс ортасы.

КӨЖ – 6 сағат

Сұрақтары:

1. Жаппай зақымдау қаруының факторын анықтау түсінігі.
2. Тратильдік эквивалентке түсінік.
3. Ядролық қаруының талқандау факторлары.
4. Сәуле аурулары.
5. Ядролық қару.
6. Ядролық қаруының талқандау факторы.
7. Химиялық қару.
8. Химиялық зақымдау ошағы
9. Бактериологиялық қару.
10. Бактериологиялық зақымдау ошағы.
11. Адамдардың зақымдану жолдары мен механизмі.
12. Карантин және обсервацияға түсініктеме.
13. Жаппай зақымдау қаруының факторын анықтау түсінігі.
14. Тратильдік эквивалентке түсінік.
15. Жарылыс түрлері, жарылыс ортасы.
16. Ядролық қаруының талқандау факторлары.
17. Сәуле аурулары.

Оқу – материалдық қамтамасыз ету:

Оқу дәптерлері, қалам, плакаттар, тестік тапсырма, бейнеслайдтар, мультимедиялық проектор, персоналдық компьютер.

Әдебиеттер: 6,7,8

Тақырып №6. Ұжымдық қорғаныс құралдары

КОӨЖ - 1сағат

Сұрақтары:

1. Ұжымдық қорғаныс ғимараттарының жіктелінуі.
2. Баспана.
3. Радияцаға қарсы панахана
4. Қарапайым панахана

Семинарлық – 1 сағат

Сұрақтары:

1. Қорғаныс құралдарының жіктелінуі.
2. Панахана.
3. Негізгі және қосымша баспана бөлмелері.
4. Радиацияға қарсы жасырыну.
5. Қарапайым жасырыну.

Тәжірибелік – 1 сағат

Бейбіт жағдайда қорғаныс ғимаратын пайдалану.

КӨЖ – 3 сағат

Тапсырмалар:

1. Әдістемелік оқыту бойынша берілген тақырыпқа ауызша жауып дайындау.
 2. Өзін бақылауға арналған сұрақтарға жауап беру.
- Өзіндік бақылауға арналған сұрақтар.

1. Ұжымдық қорғаныс ғимараттарының жіктелінуі.
2. Баспана.
3. Жылдам құрылатын баспана.

Оқу – материалдық қамтамасыз ету:

Тестік тапсырма, бейнеслайдтар, мультимедиалықпроектор, персоналдық компьютер.

Әдебиеттер: 10,11,12.

Тақырып №7. ТЖ кезінде ұйымдармен аумақтарда АҚ аясында халқты қорғауды ұйымдастыру шаралары

Тәжірбиелік – 3 сағат

Сұрақтары:

1. Тұрғындарды қорғау түрлері және негізгі принциптері.
2. Ыдырату және қоныс аудару.
3. Тыныс алу орандарын қорғау құралдары.Сүзгілеуіш және оқшалау газтұмылдырықтары.
4. Теріні қорғау арнайы құралы(Л-1,ОЗК).
- 5.Қазақстан Республикасындағы өрт қауіпсіздігінің жүйесі мен негізгі қағидалары.

КООЖ-1 сағат

Сұрақтары:

- 1.Тыныс алу органдарын қорғау құралдары.
2. Сүзгілеуіш және оқшалау газтұмылдырықтары.
3. Теріні қорғау арнайы құралы (Л-1,ОЗК).

КӨЖ – 5 сағат

Тапсырмалары:

1. Тұрғындарды қорғау түрлері және негізгі принциптері.
2. Ыдырату және қоныс аудару.
3. ТЖ кезінде су көздерін,тағамдарды,суларды залалсыздандырып және қорғау.
4. ТЖ кезінде ПО қызметкерлерінің жеке қауіпсіздігін қамтамасыз ету.
5. Тыныс алу орандарын қорғау құралдары.Сүзгілеуіш және оқшалау газтұмылдырықтары.
- 6.Теріні қорғау арнайы құралы(Л-1,ОЗК).
- 7.Қазақстан Республикасындағы өрт қауіпсіздігінің жүйесі мен негізгі қағидалары.

Оқу – материалдық қамтамасыз ету:

Тестік тапсырма, бейнеслайдтар, мультимедиалықпроектор, персоналдық компьютер, Л-1, ГП-5, ОЗК, оқшалаушы газтұмылдырық.

Тақырып №8. Тақырып ТЖ кезінде радиациялық және химиялық жағдайды бағалау.

КОӨЖ – 1 сағат

Сұрақтары:

1. Дозиметрлік бақылау және химиялық, радиациялық барлау приборы
2. Радиациялық жағдайдағы талқандау ошағын бағалау.
3. Химиялық жағдайдағы талқандау ошағын бағалау.

Семинарлық – 1 сағат

Сұрақтары:

1. ДП-5 (ДП-5Б) құралдары және олардың жұмысы мен тағайындалуы.
2. ВПХР құрылынының құрлысы мен тағайындалуы. ИД-1 дозиметрді тексеру құралдарының құрылуы мен тағайындалуы.
3. Радиациялық жағдайдағы талқандау ошағын бағалау.
4. Химиялық жағдайдағы талқандау ошағын бағалау.

Тәжірибелік – 1 сағат

Сұрақтары:

1. ДП-5 (ДП-5Б) құралдары және олардың жұмысы мен тағайындалуы.
2. ВПХР құрылынының құрлысы мен тағайындалуы.
3. ИД-1 дозиметрді тексеру құралдарының тағайындалуы және жұмысы.

КӨЖ – 3 сағат

Сұрақтары:

1. Альфа-, бета-, гамма-, нейтрондық сәулелену.
2. Рентген. Рад.
3. Радиоактивті заттармен зақымдану деңгейі.
4. Радиоактивті сәулеленуді анықтау. Фотографиялық, химиялық, синтиллициондық, ионизациондық әдістері.
5. ДП-5 (ДП-5Б) құралдары және олардың жұмысы мен тағайындалуы.
6. ВПХР құрылынының құрлысы мен тағайындалуы.
7. ИД-1 дозиметрді тексеру құралдарының құрылуы мен тағайындалуы.
8. Радиациялық жағдайдағы талқандау ошағын бағалау.
9. Химиялық жағдайдағы талқандау ошағын бағалау.

Оқу – материалдық қамтамасыз ету:

Тестік тапсырма, бейнеслайдтар, мультимедиялық проектор, персоналдық компьютер. Әскери химиялық барлау құралы (ВПХР) ДП-5 (ДП-5Б) құралдары және олардың жұмысы мен тағайындалуы.

Әдебиеттер: 5, 13.

Тақырып №9. Адам анатомиясы мен физиологиясының негіздері.

Дәріс-1 сағ

Дәріс жоспары:

1. Адам анатомиясы мен физиологияның анықтамасы.
2. Тор. Тін. Ағза. Сүйектер. Қанқа.
3. Мүшелер жүйесі. Дене құрылысының қызметін оқу.

Дәріс тезистері:

1. Адам анатомиясы мен физиологиясының анықтамасы.

Адам анатомиясы мен физиологиясы медицина ілімінің негізі болып саналады. Анатомия гректің «анатомо» «кесу, бөлшектеу» деген мағынадағы сөзінен шыққан. Адам анатомиясы дененің пішінін, мүшелердің құрылысын, өсуін және оның сыртқы ортамен ара қатынасын зерттейді.

Анатомия және физиология түсінігі.

Адам организмінің құрлымын – анатомия деген арнайы ғылым зерттейді.

Анатомия – организмнің өсуі, құрлысы және негізі туралы ғылым (анатомияның негізгі әдісі - өліктерді сою – грек. – сою). Негізінен анатомия сүйектің қалыптасуынан бастап адамның қартайуына дейін яғни соңғы күндеріне дейін зерттейді. Анатомия сүйек клеткасының құрлымын, бұлшық етті тағы басқа ішкі органдардың орналасуын, олардың құрлысын зерттейді.

Физиология – тірі ағзаның өмір сүру процессін, оның мүшелерінің, тіндерінің, клеткаларының атқаратын қызметін, олардың қарым қатынасын және қоршаған ортаның әр түрлі жағдайларында өзгеруін зерттейді.

Физиология - жалпы, жеке, салыстырмалы болып бөлінеді.

Жалпы физиологияның – бөлімдерінің бірі клетка физиологиясы болып табылады. Ол жалпы қандылықтарды тірі материяның қоршаған ортаның әсеріне жауап беруін зерттейді.

Салыстырмалы физиология - әр түрлі ағзаның спецификасы туралы немесе бір организмнің жеке жетілу процессіндегі спецификасы туралы ғылым.

Жеке физиологияға асқорту, қанайналымы, және т.б. жатады.

Физиология – экспериментальды ғылым, физиологияның әдістері өте әр түрлі . олардың арасында биотоктарды тіркеу, мүшелерді қондыру (трансплантация, денервация (жүйке жүйесін кесу)).

Бір тұтас ағза.

Организм - өсімдік және тірі әлемнің кез келген тірі жаны. Ол әлі материяда жоқ процесстерге ие: организмнің жаңаруын, күжынуын қамтамасыз ететін зат алмасу; жерде өмірді жалғастыруды қамтамасыз етіп көбейіп, өмір сүру жағдайларына үйрену және т.б.

Организм дегеніміз, өзін - өзі қайталап жасауға, өздігінен дамуға және өзін - өзі басқаруға қабілеті бар тірі биологиялық біртұтас жүйе. Организм түрлік жағынан өзін бірыңғай тұтас нәрсе ретінде көрсетеді.

Организмнің негізгі структуралық бірлігі клетка болып табылады – қарапайым жүйе, оған өмірдің негізгі белгілері тән. Клеткалардың, құрлымы мен функциясы жалпы тәнге ие, сол уақытта клеткалар организмде олардың орнын белгілейтін арнайы ерекшеліктерге ие. Ағза клеткалары қосылып, тіндерді құрайды мүшелердің құрамына кіреді. Әр мүшенің қажетті құрлысы бар және ол белгіні бір функцияны атқарады.

2. Тор. Тін. Ағза. Сүйектер. Қаңқа.

Адамның сыртқы ортамен байланысы, оның қимыл, қозғалысымен сипатталады.

Адамның қозғалыс жүйесі – сүйек, буын және бұлшық еттерден тұрады. Сүйектер денеде бір – бірімен буындар, сіңірлер, шеміршектер және дәнекер ұлпалар арқылы біріккен. Қаңқа сүйектері мен буындар дененің қозғалысында тірек міндетін атқарады, ал оларды қимылға келтіретін мүшелер дененің

бұлшық еттері болып саналады. Сүйек туралы ілім – «остеология», ал буындардың құрылысын зерттейтін ілім – «артрология» деп аталады.

Сүйек – дененің негізгі тіреуіш мүшесі. Оның құрылысы өте күрделі. Сүйектің негізін тығыз (қатты) және кемік (борпылдық) заттар құрайды. Сүйек сыртынан сүйек қабығымен (периост) қапталған. Периост тек сүйектің шеміршек бетінде ғана болмайды. Сүйектің құрылысында ұлпаның барлық түрі кездеседі, бірақ негізгісі – сүйек ұлпасы.

Адам қаңқасы негізгі төрт бөліктен тұрады. Олар: 1. тұлға 2. қолдың 3. аяқтың және 4. бастың қаңқалары. Тұлға қаңқасының құрамына омыртқа жотасы, кеуде қуысының сүйектері – қабырғалар, жауырын, бұғана, төс сүйегі кіреді.

Қолдың қаңқасы үш бөліктен тұрады: қол, білек және қол басы сүйектері. Аяқ қаңқасына – жамбас, сан, балтыр және аяқ басы сүйектері кіреді. Бас қаңқасы ми сауыты мен бет сүйегінен тұрады.

3. Мүшелер жүйесі. Дене құрылысының қызметін оқу.

«Дене мүшесі» деп, дененің белгілі бір құрылысындағы, пішініндегі өзіне тән қызмет атқаратын дене бөлігіне айтылады. Мүшеге сүйек, бұлшық ет, без, асқазан, өкпе, бүйрек, жүрек, жіңішке, жуан ішек және т.б. жатады. Әрбір мүшенің құрылысына ұлпаның бірнеше түрі қатынасады. Бірақ мүшенің негізгі бөлігі өзіне тән ұлпадан пайда болады. Сол ұлпа мүшенің негізгі қызметін атқарады: мысалы, сүйектің құрамында сүйек ұлпасы, шеміршек және басқа дәнекер ұлпалар болады. Бірақ сүйектің құрылысының негізгісі сүйек ұлпасы.

Денедегі барлық мүше – құрылысына, қызметіне, дамуына байланысты жүйелерге бөлінеді.

1. Қимыл жүйесіне барлық сүйек, оларды жалғаушы шеміршек, буын мен бұлшық ет кіреді. Сүйектер тіреуіш қызметін атқарады. Олардан қуыстар пайда болады. Қуыстар мүшелерді қорғау қызметін атқарады.

2. Ас қорыту жүйесі – тағамды қабылдайды, ұсатайды, жұтады, қорытады, сіңіреді, қалдықтарды сыртқы ортаға шығарады. Бұл жүйеге – ауыз қуысы, тіл, тістер, сілекей бездері, жұтқыншақ, өңеш, асқазан, жіңішке және жуан ішіктер, ұйқы безі, бауыр жатады.

3. Тыныс алу жүйесінің қатынасуымен ішкі және сыртқы тыныс алу, газ алмасу құбылыстары өтеді. Бұл жүйе денені сыртқы ортамен байланыстырады. Тыныс алу жүйесіне мұрын қуысы, көмекей, кеңірдек, өкпе, плевра қатысады.

4. Несеп-зәр шығару жүйесі. Денедің тіршілік әрекеті нәтижесінде пайда болған керексіз заттарды сыртқы ортаға шығарады. Бұл жүйеге – бүйрек, несеп ағар, қуық, несеп шығару түтігі жатады.

Адам денесі – ас қорыту, тыныс алу, несеп шығару жүйелері арқылы сыртқы ортамен байланысады.

5. Жыныс жүйесіне көбею мүшелері кіреді. Олар: әйелде жатыр, оның түтігі, қынабы, аналық жыныс безі, әйелдің сыртқы, ішкі жыныс мүшелері. Жыныс мүшелері мен несеп – зәр шығару мүшелерінің дамуы тығыз байланысты. Соның үшін несеп-зәр шығару және жыныс мүшелерін бір жүйеге біріктіріп зерттейді.

6. Ішкі секреция бездері немесе эндокриндік бездер – ерекше синтезделген химиялық заттар – гормондар бөліп шығарады. Олар қан және лимфа тамырлары арқылы бүкіл денеге тарқалып, оның қызметіне әсер етеді.

7. Жүрек – қан тамырлар жүйесіне-жүрек, артерия, вена, капилляр және лимфа тамырлары жатады. Жүрек қанды насосша вена қан тамырларынан тартып алып, оны артерия қан тамырларына айдайды. Қан денеге оттегін, қоректік заттарды тасымалдайды, денеден зат алмасуы нәтижесінде пайда болған керексіз заттарды (СО₂ азот) сыртқы ортаға шығарады (бүйрек, тері, өкпе).

8. Сезім жүйесі – сыртқы ортаның тітіркеністерін қабылдайды. Оларға көру, есіту, тепе-тендік, иіс сезу мүшелері кіреді.

9. Жүйке жүйесіне бас ми мен жұлын, олардан тарқалған жүйке талшықтары – 12 жұп бас ми жүйкесі мен 31 жұп жұлын сегменті кіреді. Бас ми мен жұлын “жоғарғы жүйке жүйесі”, ал олардың тармақтары “шеткері жүйке жүйесі” деп аталады. Жоғарғы дәрежелі жүйке жүйесіне бас ми сынарлары жатады. Жүйке жүйесі сезім мүшелері, рецепторлар арқылы сыртқы және ішкі ортадан тітіркеністерді қабылдап, мүшелер мен жүйелердің қызметін реттейді.
Әдебиеттер:13,14.

КӨӨЖ – 1сағат

Сұрақтары:

1. Адам анатомиясы мен физиологияның анықтамасы.
2. Тор. Тін. Ағза. Сүйектер. Қаңқа.
3. Мүшелер жүйесі. Дене құрылысының қызметін оқу.

Семинарлық – 1 сағ.

Сұрақтары:

1. Адам анатомиясы мен физиологияның анықтамасы.
2. Тор. Тін. Ағза. Сүйектер. Қаңқа.
3. Мүшелер жүйесі.

Тәжірибелік – 2 сағат
(ҚММУ шығу)

КӨЖ – 7 сағат

Сұрақтары:

1. Дәріс сұрақтары бойынша конспект дайындау, негізгі және қосымша әдебиеттерді қолдану
2. Берілген тақырыптың ауызша талдауына дайындық.
